

## Дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық САНОРИН

### САУДАЛЫҚ АТАУЫ

Санорин

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАТЕНТТЕЛМЕГЕН АТАУЫ

Нафазолин

### ДӘРІЛІК ТҮРІ

Мұрынға тамызатын дәрі, 0.1 %

### ҚҰРАМЫ

1 мл ерітіндінің құрамында белсенді зат – 0.001 г нафазолин нитраты қосымша заттар: бор қышқылы, этилендиамин, метилпарабен, тазартылған су.

### СИПАТТАМАСЫ

Иісі жоқ түссіз мөлдір ерітінді

Фармакотерапиялық тобы  
Мұрынға арналған препараттар.  
Антиконгестанттар және жергілікті қолдану үшін мұрынға арналған басқа да препараттар.  
Симпатомиметиктер. Нафазолин.  
АТХ коды R01AA08

### ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

#### ФАРМАКОКИНЕТИКАСЫ

Нафазолиннің таратылуына, метаболизміне және шығарылуына қатысты деректер белгісіз. Жергілікті қолданғанда тамырды тарылтатын әсері 5-10 минуттан соң басталады және 2-ден 6 сағатқа дейін жалғасады. Жүйелі қан ағымына сіңіріледі және жүйелі әсер беруі мүмкін.

#### ФАРМАКОДИНАМИКАСЫ

Санориннің құрамында альфа-адренорецепторларға әсер етуші жүйелі симпатомиметик болып табылатын нафазолин бар. Шырышты қабықтың тамырларына айқын және ұзақ уақытқа жалғасатын тамыр тарылтқыш әсер береді. Интраназальді қолданған кезде нафазолин тамырларды тарылтады, эссудацияны азайтады, осылайша мұрынмен дем алуды жеңілдетеді және жоғарғы тыныс жолдарының қабынуы кезінде шырышты қабықтың ісінуін азайтады.

### ҚОЛДАНЫЛУЫ

- мұрынның бітелуін жеңілдету үшін  
- жедел ринитте  
- синуситте  
- диагностикалық және емдік араласулар кезінде мұрынның шырышты қабығының ісінуін басу үшін

### ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ ЖӘНЕ ДОЗАЛАРЫ

0,1% ерітінді

Ересектерге және 15 жастан асқан балаларға 6 сағаттан кем емес аралықпен күніне 2-3 рет әрбір мұрын қуысына ерітіндінің 1-3 тамшысы.

Препаратты әрбір мұрын қуысына тамызады, басты артқа қарай шалқайту керек.

Сол жақ мұрын қуысына тамызған кезде басты аздап солға қарай, оң жақ мұрын қуысына тамызған кезде басты оңға қарай бұрған жөн.

Препаратты қысқа уақыт ішінде пайдаланған жөн. Оны ересектерде 5 күннен артық және балаларда 3 күннен артық қолданылмауы керек.

Егер мұрынның бітелуі басылса, ем ертерек тоқтатылуы мүмкін. Препаратты қайтадан тек емдеуді тоқтатқаннан кейін бірнеше күннен кейін бастауға болады.

### ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРІ

Ұсынылған дозаларда қолданғанда препарат әдетте жақсы көтерімді.

Сирек:

- жүрек айнуы, бас ауыруы, күйгелектік, тремор
- тахикардия, артериялық қысымның көтерілуі, жүрек қағуы
- реактивті гиперемия, қатты тершеңдік
- шымылдатып ашытуды сезіну немесе мұрынның құрғауы
- мұрын қуысы шырышты қабығының ісінуі (7 күннен артық қолданғанда)
- атрофиялық ринит
- Өте сирек
- препарат әсері азайғаннан кейін мұрынның қатты бітелуі
- Тым жиі қолдану қолданудан кейінгі салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде болатын шырышты қабықтың қатты ісінуімен қатар жүретін тәуелділікке әкелуі мүмкін.
- Препаратты ұзақ уақыт бойы қолдану шырышты қабық эпителийдің бұзылуына, цилиарлық қызметтің тежелуіне және шырышты қабықтың зақымдануының қайтымсыз болуына және құрғақ риниттің дамуына әкелуі мүмкін.

### ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- артериялық гипертония, тахикардия, айқын атеросклероз
- көзді ауыр аурулары
- гипертиреозидизм
- несеп шығуының бұзылуы
- қант диабеті

- жабықбұрышты глаукома
- қуықасты безінің ауруы
- құрғақ ринит
- созылмалы ринит (атрофиялық типі)
- 15 жасқа дейінгі балалар

Сақтықпен

- жүктілік және лактация кезеңі (тек жедел қажеттілік жағдайда, қатаң түрде дәрігердің тағайындауы бойынша)

### **ДӘРІЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ**

Препаратты моноаминоксидаза тежегіштерімен немесе трициклдік антидепрессанттармен және мапротилинмен бір мезгілде қолданбаған дұрыс, өйткені жүрек ырғағы бұзылуы және қан қысымының жоғарылауы мүмкін.

### **АЙРЫҚША НҰСҚАУЛАР**

Препаратты жүрек-қантамыр жүйесінің ауруы (гипертония, жүректің ишемиялық ауруы) кезінде, феохромоцитома немесе әлеуетті гипертензиялық препараттармен өте сақтықпен тағайындау керек. Ұзақ қолданған кезде айқын тамыр тарылтқыш әсері (тахифилаксия құбылысы) біртіндеп төмендейді, осыған байланысты препаратты 3 күннен артық қолдану ұсынылмайды. Ұсынылған дозадан асырмау керек.

Анестетиктердің көмегімен жүргізілетін жалпы наркоз уақытында абай болу керек, ол бронх демікпесі бар науқастарда симпатомиметикке (мысалы галотан) миокард сезімталдығын жоғарылатады.

Ұзақ қолданылуын және артық дозалануын болдырмау керек. Шырышты қабықтың ісінуін басуға арналған дәрілік затты ұзақ қолдану ісінуге және мұрын шырышты қабығының салдарлы атрофиясына әкелуі мүмкін.

Осы дәрілік заттың құрамында метилпарабен бар, ол аллергиялық реакцияны (мүмкін, баяулаған типті) туындатуы мүмкін.

Жүктілік және лактация кезеңі

Нафазолиннің плацента арқылы өтетін және емшек сүтінен бөлінетін қабілеті жөнінде ақпарат жеткіліксіз. Сондықтан препараттың жүкті немесе емшек емізетін әйелдерге енгізуге дейін емдеу артықшылығы мен зор қауіптілігін қарастыру, препаратты тек өте қажеттілік жағдайда ғана тағайындау керек.

Дәрілік заттың көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне ықпал ету ерекшеліктері

Препарат көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

### **АРТЫҚ ДОЗАЛАНУЫ**

Симптомдары: препаратты байқаусызда қолдану күйгелектік, қатты тершеңдік, бас ауыруы, тремор, тахикардия, пальпитация немесе гипертония сияқты жүйелі жағымсыз реакциялардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Артық дозалану симптомдары жүрек айнумен,

цианозбен, қызбамен, құрысулармен, жүректің тоқтауымен, өкпенің ісінуімен және тыныс алу немесе психикалық проблемалармен көрініс беруі мүмкін. Одан басқа да ұйқышылдықты, дене температурасының төмендеуі, брадикардия, тер бөлінуі, шокқа ұқсас гипотензия, апноэ немесе кома қатар жүретін орталық жүйке жүйесінің бәсеңдеуін байқауға болады.

Емі: симптоматикалық.

Балаларда жағымсыз әсерлерге сезімтал келетіндіктен ересектерге қарағанда артық дозалану қаупі жоғары.

### **ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ ЖӘНЕ ҚАПТАМАСЫ**

Алғашқы ашылуы бақыланатын полиэтиленнен жасалған тамшылатқышпен жабықталған қақпағы бар қоңыр шыны құтыда 10 мл-ден. Заттаңба жабыстырылған әрбір құты медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынады.

### **САҚТАУ ШАРТТАРЫ**

Жарықтан қорғалған жерде, 10 0C-ден 25 0C-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Мұздатып қатыруға болмайды.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **САҚТАУ МЕРЗІМІ**

4 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды

### **ДӘРІХАНАЛАРДАН БОСАТЫЛУ ШАРТТАРЫ**

Рецептісіз

### **ӨНДІРУШІ**

«Teva Czech Industries s.r.o.», Чех Республикасы  
«Тева Чех Кәсіпорны с.р.о.», Чех Республикасы

### **ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ИЕСІ**

Ксантис Фарма ЛТд., Кипр

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНДА ТҮТІНУШЫЛАРДАН ӨНІМ (ТАУАР) САПАСЫНА ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМДАРДЫ ҚАБЫЛДАЙТЫН ЖӘНЕ ДӘРІЛІК ЗАТТЫҢ ТІРКЕУДЕН КЕЙІНГІ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАДАҒАЛАУҒА ЖАУАПТЫ ҰЙЫМНЫҢ АТАУЫ**

«Xantis Pharma (Ксантис Фарма)» ЖШС, Қазақстан 050008 Қазақстан, Алматы қ-сы, Әуезов көшесі, 48, 3 қабат, 3/2 кеңсе. Телефон, факс: +7 (727) 344 93 14 e-mail: info.kz@xantispharma.com info.kz@xantispharma.com